

*Ақбұлақ мектеп-балабақша кешені КММ*

*“Үздік кіріктірілген сабақ-2014” байқауы*

*2014 жыл*

*Батыс Қазақстан облысы*

*Бөрлі ауданы*

*Ақбұлақ мектеп – балабақша кешені*

*Утегалиев*

*Ержан*

*Спортович*

*Мамандығы: технология және бейнелеу  
өнері пәндерінің мұғалімі*

*Еңбек өтілі: 3 жыл*

*Санаты: жоқ, жас маман*

*Әдістемелік тақырыбым:*

*«Технология және бейнелеу өнері пәні  
сабақтарында ойын элементтерін  
пайдалана отырып, оқушылардың пәнге  
деген қызығушылығын арттыру»*

# Бейнелеу өнері

## 6 – сынып

**Сабақтың тақырыбы:** *Графикалық натюрморт*

**Сабақтың мақсаты:**

**а) білімділігі:** *Графика және оның түрлері жайлы терең мағлұмат беру. Графикалық натюрморттың композициясын құрастыру. Сурет салудың заңдылықтарын үйрету.*

**б) дамытушылығы:** *Оқушыларға натюрморттың заңын меңгерту, ойлау, есте сақтау қабілетін және шеберліктерін дамыту;*

**в) тәрбиелігі:** *Көзбен елестетуге, ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.*

***Сабақтың типі:***

*Жаңа материалды меңгерту.*

***Сабақтың түрі:***

*Кіріктірілген сабақ*

***Сабақтың әдісі:***

*Репродуктивті , түсіндіру,  
әңгімелесу, затқа қарап сурет салу*

***Қажетті  
технологиялар:***

*Компьютер, интеративті тақта.*

***Сабақтың  
көрнекілігі:***

*Суретшілердің шығармалары,  
презентация, графикалық материалдар*

***Пәнаралық байланыс:***

*Қазақ әдебиеті, тарих*

---


## *І. Ұйымдастыру кезеңі:*

*Сабаққа жалпы дайындықтарын  
тексеру, оқушы назарын сабаққа аудару,  
сыныпта жоқ оқушыны белгілеу.*


---

## *II. Өткен материалды қайталау:*

*Бейнелеу өнерінің түрлерін ата*



*Бейнелеу өнерінің қандай жанрларын білесіңдер?*



*Мына  
суреттерде  
қандай  
жанрлар  
бейнеленген?*

*портрет*

*пейзаж*

*натюрморт*



# *Натютморт дегенді қалай түсінеміз?*



# Жаңа сабақ:

---

## Графикалық натюрморт

# Графика

```
graph TD; A[Графика] --> B[Бейнелеу өнерінің бір жанры]; A --> C[Суретте — қолмен салынатын нобай, нұсқа, т.б. жұмыстар.]; A --> D[Тырнау, жазу, салу деген мағынаны береді.]; A --> E[19 ғ.дейін графика мен сурет түсініктері ажыратылып қаралды.]
```

**Бейнелеу  
өнерінің бір  
жанры**

**Суретте —  
қолмен  
салынатын  
нобай, нұсқа,  
т.б.  
жұмыстар.**

**Тырнау,  
жазу, салу  
деген  
мағынаны  
береді.**

**19 ғ.дейін  
графика  
мен сурет  
түсініктері  
ажыратылып  
қаралды.**

# *Графика өнері*

Графика өнері каллиграфиямен, жазбамен тығыз байланысты деп табылады. Кескіндеме жанрында түс пен бояу негізгі рөл атқарса, графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады. Салынатын бейне қарындашпен, көмірмен, бормен, қаламұшпен тікелей қағазға түсіріледі немесе арнайы өңделген тақталарға немесе тасқа бедерленіп, содан қағазға басылады. Бейнелеу құралдарының қарапайымдылығымен графика бұқаралық байланыс, ақпарат саласында, кітаптарды, әдеби шығармаларды безендіру үшін, әр түрлі тақырыпқа карикатура, шарж, жалпы нобай, композициялық эскиздер салу үшін, т. б. заттарды көркемдеуде кеңінен қолданылады. Қазақстандағы графикалық суреттердің ежелгі (палеолит дәуірі) үлгілеріне Балқаш, Түркістан, Маңғыстау, т.б. жерлерде жартастарға салынған суреттер жатады. Қазіргі заманғы қазақ бейнелеу өнеріндегі графика 1930 – 50 жылдары аралығында қалыптасты. Қазақстан суретшілері арасында графикалық туындыларымен танымал график суретшілер баршылық. Олар Ә. Қастеев, А.Ғалымбаева, Ә.Рахманов, Т.Ордабеков.

# Натюрморт дегеніміз не?


*Натюрморт алғаш рет XVII ғ. басында Голландияда пайда болды. Натюрморт өнердің дербес жанры ретінде XVIII ғасырда Батыста кеңінен дами бастады.*

*француз сөзі,  
дәл мағынасы  
"өлі табиғат"  
немесе  
"қозғалмайтын  
зат" деген  
ұғымды  
білдіреді*


*заттар мен  
бұйымдар  
бейнеленген  
көркем  
шығарма*

---


*Графикалық натюрморт - бір түсті бояу, қарындаш, тушь арқылы орындалған заттардың немесе бұйымдардың суреті.*




# *Сергіту сәті*




*Көзімізді  
оңға –солға,  
жоғары-төмен  
бұрамыз*



*Оңға екі рет,  
солға екі рет  
денемізді  
бұрамыз*



*Қолымызды  
оңға екі рет,  
солға екі рет  
созамыз*



*Барлығын  
жылдам бірге  
жасаймыз*

# *Сарамандық жұмыс*





# *Сабақты бекіту:*

*суреттер*

*гравюрлар*

*кітап  
иллюстрациялары*


*жарнамалар*

*газет суреттері*

*плакаттар*

Г  
Р  
А  
Ф  
И  
К  
А

С  
Ө  
З  
Ж  
Ұ  
М  
Б  
А  
Ғ  
Ы



**Сөзжұмбақтың сұрақтары:**

1. Адамның бет әлпетін бейнелейтін көркем шығарма. *Портрет*
2. Түстерді зерттейтін ғылым? *Түстану*
3. Бейнелеу өнерінің жанры? *Графика*
3. Күн сәулесіндегі барлық түстердің толқынды құралы? *Спектр*
4. Су әлемін бейнелейтін жанр қалай аталады? *Маринистік*
5. Мата бетіне сурет салу қалай аталады? *Батик*
6. Табиғатты бейнелейтін жанр. *Пейзаж*

## *Қорытынды:*

*«Графикалық натюрморт - бір түсті бояу, қарындаш, тушь арқылы орындалған заттардың немесе бұйымдардың суреті».*

## *Үйге тапсырма:*

- *Графикалық натюрмортты аяқтау.*
- *“Графика өнері” тақырыбын оқып келу*

# Сабақ кезінен көріністер

Б  
Е  
Й  
Н  
Е

Р  
О  
Л  
И  
К

















***Назарларыңызға  
рахмет!***

